

«Балабөбек» ЖСК
 Индивидуальный предприниматель
 Р-Н ИИН 7911560123
 Республика Казахстан, Зап.-Каз. Область

2022 - 2023 оқу жылы

Түсінік хат

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандартты;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 2 қосымшасы;

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» бойынша құрылған

Оқу жүктемесіне 5 білім дағдысының мазмұны кіреді: «Физикалық қасиеттері», «Коммуникативтік дағдылар», «Танымдық және зияткерлік дағдылары», «Шығармашылық дағдыларының , зерттеу іс -әрекетінің дамуы», «Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру». Ерте жас топта 1-2 жастағы балалар тәрбиеленеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың тәрбие мен оқытудың оқу жұмысына ойын арқылы уақыт бөлінеді. Ерте жас тобында Дене шынықтыру, Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет, Сенсорика, Қоршаған ортамен таныстыру, Мүсіндеу, Музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері беріліп отыр.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарына міндеттері мен күтілетін нәтижесі жазылады, апталық циклограмма құрылады. Оқу жүктеме балалардың жас ерекшеліктеріне қарай, санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелерге сәйкес келеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы ЖК «Бал-бөбек» жеке бөбекжайы

Топ: «Еркетай» ерте жас тобы

Балалардың жасы: 1-жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 2022-2023 оқу жылы

Ай ы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
қыркүйек	Дене шынықтыру	ересектердің көрсетуімен жалпы дамытушы жаттығуларды орындайды; ересектердің көмегімен өзіне-өзі қызмет көрсетудің қарапайым дағдыларын көрсету. қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру, қолды алға созу, қолды арқаға қою, бүгу және қайта жазу, қолдың білектерін сермеу Ұйымдастырудың түрлері – жұптасу, шағын топпен.	Негізгі қимыл түрлерін үйренеді
	Сөйлеуді дамыту	сөйлеуді және фонематикалық естуді дамыту; баланың түсінетін және белсенді сөздік қорын қалыптастыру; ересектердің, құрдастарының сөзіне еліктеу қабілетін дамыту; балаларды алғашқы қарым-қатынас құралдарын (вербалды және вербалды емес) қолдануға үйрету; үй жануарларының дыбыстарына еліктеу, дыбыстарды қайталау арқылы дыбыстау мәдениетін қалыптастыру;	Дыбыстарды дұрыс айтуды меңгереді
	Көркем әдебиет	Ересектің көмегімен тақпақтарды, қысқа өлеңдерді және әңгімелер мен ертегілердің мазмұнын қайталап айту, көркем шығарма мазмұны бойынша қойылымдарға қатысу.	Ертегі, тақпақтарды тыңдауды үйренеді
	Сенсорика	заттардың қасиеттері бойынша ұғымдарды қалыптастыру; сенсорлық қабілеттерін қалыптастыру; көру-есту түйсігін, қабылдау, есте сақтау, көрнекі-әрекеттік ойлау, қиял, зейінді дамыту; түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту;	Қарапайым математикалық ұғымдарын меңгереді.
	Қоршаған ортамен таныстыру	балалардың қоршаған ортамен танысуына, бейімделуіне, ересектермен және құрдастарымен мейірімді қарым-қатынас орнатуына жағдай жасау;	Жолдастарымен жақсы қарым-қатынаста болады.
	Мүсіндеу	Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету.	Жалпақ, дөңгелек пішіндерді біледі
	Музыка	Музыкамен жүруге, қарапайым би қимылдарын көрсетуге (аяқты топылдату, аяқтан аяққа ауысу, қол шапалақтау,	Музыкаға сай қимылдар жасай алады.

		сылдырмақты сылдырлату) үйрету. Ойындарда кейіпкерлердің қимылдарын (құс, аю, қоян) көрсетуге ынталандыр	
ҚАЗАН	Дене шынықтыру	Топпен жүре алады. Тура жолдың бойымен (ені 25-30 см, ұзындығы 2-3 м) ересектің көмегімен жүреді.	Тура жолдың бойымен жүруді меңгереді
	Сөйлеуді дамыту	суреттерден айтылған сөзге сәйкес келетін ойыншықтарды, заттарды табады және көрсетеді жалпақ және көлемді иллюстрацияларымен кітаптарды қарайды;	Суреттерден ойыншықтарды заттарды сәкестендіреді.
	Көркем әдебиет	Күнделікті қолданыста жүрген заттардың атын атап, ажыратады. Ертегі кейіпкерлердің аттарын қайталап айта алады.	Заттардың аттарын атап ажыратады.
	Сенсорика	-қолдың ұсақ моторикасын дамыту. -қиялын дамыту -бірлесіп жұмыс істеу қабілетін дамытуды жалғастыру	Қолдың ұсақ моторикасын меңгереді
	Қоршаған ортамен таныстыру	Өзінің дене мүшелерін ажыратып, атай алады.(бас,көз,құлақ,қол-аяқ). Ыдыстардың аттарын атай алады	Өзінің дене мүшелерінің аттарын меңгереді
	Мүсіндеу	Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету. Ермексазды алақан арасына салып есу дағдысы қалыптасады.	Балалар дөңгелек пішіндерді ермексазбен қолдануды біледі.
	Музыка	Әнді тыңдап, әуенге байланысты қимыл жасау дағдысын жетілдіру	Жетекшінің көмегімен әндерді тыңдап, әндерге байланысты қимылдар жасайды.
Қараша	Дене шынықтыру	текшелердің, кегльдердің, құрсаулардың, таяқтардың арасымен топпен жүру; құрсаудан құрсауға өтуге үйрету; жұмсақ модульге немесе гимнастикалық скамейкаға көтерілуге және одан түсуге үйрету. алға еңкею және түзу тұру, таяныштан ұстап, жүрелеп отыру, секіру түрлерін үйрету.	Текшелердің, құрсаулардың таяқтардың арасымен топпен жүруді меңгерту
	Сөйлеуді дамыту	Ересектердің сөздерін тыңдауға, «Бұл кім?», «Бұл не?», «Не істеді?» деген қарапайым сұрақтарға жауап беруге, ыммен, қимылдар арқылы көрсетуден біртіндеп сөзбен айтуға көшуге, екі сөзден тұратын сөйлемдерді айтуға баулу	Ересектердің сөздерін тыңдауға “Бұл кім?” “Бұл не?” деген сұрақтарға жауап беруді меңгерту.
	Көркем әдебиет	Ересектің көмегімен тақпақтарды, қысқа өлеңдерді және әңгімелер мен ертегілердің мазмұнын қайталап айту, игерген	Үстел үсті, саусақ театрларын өз бетінше ойнай алады.

Желтоқсан		тәжірибелерін еркін ойындарда қолдануға мүмкіндік беру. Үстел үсті, саусақ театрларын өз бетінше ойнау.	
	Сенсорика	Заттарды өлшемі немесе пішініне қарай сәйкес ұяларға орналастыруға арналған тапсырмаларды орындау, бір өлшемді бірнеше сақинаны, содан кейін түрлі өлшемді екі топтағы сақиналарды белгілі реттілікпен жинау. Заттардың көлеміне (үлкен, кіші), түсіне (қызыл, көк) бағдар жасай отырып, әртүрлі әрекеттер (ашу - жабу, өткізу - шығару, домалату, қадау, сабақтау, қою, байлау, төсеу) жасау	Заттарды өлшемі немесе пішіне қарай сәйкес ұяларға орналастыруға арналған тапсырмаларды меңгерту.
	Қоршаған ортамен таныстыру	қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстары жайлы бастапқы түсініктерді қалыптастыру; тіршілік иелерін бақылау және оларға қамқорлық жасауға баулу;	Қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстары жайлы бастапқы түсініктері қалыптасады.
	Мүсіндеу	Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету. Ермексазды алақан арасына салып есу дағдысы қалыптасады.	Жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша пішіндеуді меңгереді.
	Музыка	Музыкамен жүруге, қарапайым би қимылдарын көрсетуге (аяқты топылдату, аяқтан аяққа ауысу, қол шапалақтау, сылдырмақты сылдырлату) үйрету. Ойындарда кейіпкерлердің қимылдарын (құс, аю, қоян) көрсетуге ынталандыру	Ойындарда кейіпкерлердің қимылдарын көрсетуге меңгерту.
	Дене шынықтыру	Шеңбер жасап жылдам және баяу жүгіруді қалыптастыру. Топпен жүру, тура жолдың бойымен (ені 25-30 см, ұзындығы 2-3 м) ересектің көмегімен жүруге үйрету Кішкене доптарды себетке салу, допты алға домалатуды, доғаның астынан төрт тағандап еңбектеп өтуді (доғаның биіктігі 50 см). бекіту.	Топпен жүруді, баяу жүгіруді ересектің көмегімен жасайды. Доппен жұмыс жасайды.
	Сөйлеуді дамыту	Табиғат құбылыстарын бақылай отырып, қыс мезгілін ажыратуды үйрету. қармен таныстыру. Қар еріп, суға айналатынын көрсетіп, түсіндіру.	Табиғат құбылыстарын меңгереді.
	Көркем әдебиет	Табиғат құбылыстарын бақылайды (қар жауып тұр, дала мұздай, жылы, қар суық т.б.) сөздерін қайталау. Өленді тыңдап, жеңіл сөздерді қайталап айтуға үйрету.	Жеңіл сөздерді қайталап айталады.
	Сенсорика	біртекті заттарды ортақ белгісі: пішіні, түсі бойынша топтастыруға үйрету.	Заттарды пішіні, түсі бойынша топтастырады.
	Қоршаған ортамен таныстыру	табиғаты туралы түсіндіре отырып, тірі және өлі табиғаттағы өзгерістерді үйрету.	Табиғат туралы түсініктерін меңгереді
	Мүсіндеу	Үлкен-кіші сазбалшықты алақан арасына салып, домалату	Сазбалшықтармен ермексазды

		арқылы қар кесегін, шырша ойыншықтарын мүсіндеуді үйрету.	арасында илеуді меңгереді.
	Музыка	Аудио-бейне таспадан ән тыңдай отырып, ойындар ойнату. Ырғақты қимылдар жасату Көңілді әндерді тыңдату арқылы әндегі жекелеген сөздерді айтуға баулу	Балалар музыкалық ырғақтарды жасайды
Қаңтар	Дене шынықтыру	Шеңбер жасап жылдам және баяу жүгіруді қалыптастыру. Топпен жүру, тура жолдың бойымен (ені 25-30 см, ұзындығы 2-3 м) ересектің көмегімен жүруге үйрету Кішкене доптарды себетке салу, допты алға домалатуды, доғаның астынан төрт тағандап еңбектеп өтуді (доғаның биіктігі 50 см). бекіту.	Топпен жүру, тура жолдың бойымен жүгіруді меңгереді.
	Сөйлеуді дамыту	«Қысқы ағаш» суреті бойынша қыс мезгілі екенін біледі. Сөздерді қайталап айта алады. Аудио- бейне жазбалардан құстардың, аңдардың дыбыстарын тыңдайды, дыбыстарды қайталай алады.	Құстардың, аңдардың дыбыстарын меңгереді.
	Көркем әдебиет	Ертегіні тыңдайды. Ертегідегі жеңіл сөздерді айта алады. Өлеңді тыңдайды. Жеңіл сөздерді қайталап айта алады.	Ертегі, өлеңдердегі жеңіл сөздерді қайталап айтады.
	Сенсорика	Доптардың үлкен-кіші екенін ажырата алады. Түстерін тәрбиешімен бірге қайталайды.	Үлкен және кіші сөздерді меңгереді.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Табиғат құбылыстарын бақылайды (қар жауып тұр, дала мұздай, жылы, қар суық т.б.) сөздерін қайталап айта алады.	Табиғат құбылыстарын меңгереді.
	Мүсіндеу	Ермексазды алақан арасына салып домалатуды біледі.	Ермексазды алақан арасында илеуді меңгереді.
	Музыка	Көңілді музыкаларды тыңдап, есту дағдыларын қалыптастыру. Ән айту сезімдерін ояту	Музыка ырғағына ілесіп ән айтуды меңгереді.
Ақпан	Дене шынықтыру	Шеңбер жасап жылдам және баяу жүгіруді қалыптастыру. Топпен жүру, тура жолдың бойымен (ені 25-30 см, ұзындығы 2-3 м) ересектің көмегімен жүруге үйрету Кішкене доптарды себетке салу, допты алға домалатуды, доғаның астынан төрт тағандап еңбектеп өтуді (доғаның биіктігі 50 см). бекіту.	Достарды себетке салу, допты алға домалатуды, доғаның астынан төрт тағандап еңбектеп өтуді меңгереді.
	Сөйлеуді дамыту	Табиғат құбылыстарын бақылай отырып, қыс мезгілін ажыратуды үйрету. қармен таныстыру. Қар еріп, суға айналатынын көрсетіп, түсіндіру.	Қар еріп, суға айналатын біледі.
	Көркем әдебиет	Табиғат құбылыстарын бақылайды (қар жауып тұр, дала мұздай, жылы, қар суық т.б.) сөздерін қайталау. Өлеңді	Жеңіл сөздерді меңгереді.

Наурыз		тыңдап, жеңіл сөздерді қайталап айтуға үйрету.	
	Сенсорика	біртекті заттарды ортақ белгісі: пішіні, түсі бойынша топтастыруға үйрету.	Пішін, түсі бойынша топтастыруды меңгереді.
	Қоршаған ортамен таныстыру	табиғаты туралы түсіндіре отырып, тірі және өлі табиғаттағы өзгерістерді үйрету.	Өлі және тірі табиғатты меңгереді.
	Мүсіндеу	Үлкен-кіші сазбалшықты алақан арасына салып, домалату арқылы қар кесегін, шырша ойыншықтарын мүсіндеуді үйрету.	Сазбалшықтармен алақан арасында илеуді біледі.
	Музыка	Аудио-бейне таспадан ән тыңдай отырып, ойындар ойнату. Ырғақты қимылдар жасату Көңілді әндерді тыңдату арқылы әндегі жекелеген сөздерді айтуға баулу	Тансы әндерді музыка сүймелдеумен орындайды
	Дене шынықтыру	Арқанның (биіктігі 50 сантиметр), доғаның, орындықтың астынан төрт тағандап еңбектеп өту, 2 метр қашықтыққа дейін бөренеден аттап өту, құрсаудан еңбектеп өту. Допты бір қолмен және екі қолмен ұстау, көлемдері әртүрлі доптар мен шарларды жинау, оларды өз бетінше себетке (жәшікке) салу, шарларды домалату, допты екі қолмен алға лақтыру, допты алға домалату	Ересектің көмегімен төрт тағандап еңбектеп өтуді және доппен жұмыстануды біледі.
	Сөйлеуді дамыту	Суреттерден ересектің айтқан сөзіне сәйкес келетін ойыншықтарды, заттарды, киімдерді, ыдыс-аяқтарды табу және көрсету. Жануарлардың қимылын (лақ секіреді, құс ұшады), дыбыстауын (қозы маңырайды: мэээ, бұзау мөңірейді: мөөө, мысық мияулайды), адамның қимылын (жүреді, жүгіреді, билейді) білдіретін сөздерді түсіну және дыбыстық тіркестерді атау.	Бейнеленген суреттерден жануарларды, құстарды ажырата біледі
	Көркем әдебиет	Ересектің көмегімен тақпақтарды, қысқа өлеңдерді және әңгімелер мен ертегілердің мазмұнын қайталап айту, көркем шығарма мазмұны бойынша қойылымдарға қатысу.	Тақпақтарды ересектің көмегімен үйренеді.
	Сенсорика	Заттардың көлеміне (үлкен, кіші), түсіне (қызыл, көк) бағдар жасай отырып, әртүрлі әрекеттер (ашу - жабу, өткізу - шығару, домалату, қадау, сабақтау, қою, байлау, төсеу) жасау.	Балалар түстерді ажыратады, үлкен-кішіні біледі.
	Қоршаған ортамен таныстыру	қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстарына қызығушылық таныта отырып, сумен, құммен ойнау, өсімдікке қызығушылық таныту, жануарларға қызығушылық таныту, олардың дауыстарын салу, табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту.	Сумен, құммен ойнау, өсімдікке қызығушылығы оянады.

Сәуір	Мүсіндеу	Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету.	Жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеуді меңгереді.
	Музыка	Музыкамен жүру, жүгіру, заттармен қарапайым қимылдар орындау: жалаушаны жоғары көтеру, оларды желбірету, сылдырмақты сылдырлату, ересектердің көрсетуі бойынша қарапайым би қимылдарын орындау	Музыка ырғағымен жүру, жүгіруді меңгереді.
	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар: қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру, қолды алға созу, қолды арқаға қою, бүгу және қайта жазу, қолдың білектерін сермеу, айналдыру, қолдың алақандарын жоғары, төмен қарату, саусақтарды жұмып, ашу, ұсақ заттарды саусақтарымен іліп алу, отырып және тұрып оңға, солға бұрылу, заттарды бір-біріне беру, алға еңкею және түзу тұру, таяныштан ұстап, жүрелеп отыру, секіру. Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен шешу және кию, оларды дұрыс бүктеу.	Жалпы дамыту жаттығуларын меңгереді.
	Сөйлеуді дамыту	Табиғат құбылыстарын атай біледі (жаңбыр жауады тырс-тырс, күн күркірейді тарс-тарс, жел үлдейді у-у-у) қайталап айта алады. Кітаптардағы суреттерді өз бетінше қарауға, ондағы таныс кейіпкерлерді көрсетуге мүмкіндік беру.	Кітаптардағы суреттерді өз бетінші қарауды біледі.
	Көркем әдебиет	Түсінетін сөздер қорын кеңейту. Заттардың түсін (қызыл, көк, сары, жасыл), өлшемін (үлкен, кіші), заттардың күйін (таза, кір), мерзімдік (қазір), сандық (біреу, көп) қатынастырады, қалауларын білдіруге қажетті сөздерді (тамақ ішу, ұйықтау, су ішу), дене мүшелерін білдіретін сөздерді түсіну. Ертегіні тыңдайды және эмоционалды көңіл күйін білдіре алады. Кейіпкерлердің атын қайталап айтады.	Заттардың түсін, заттардың күйін, мерзімдік, сандық, дене мүшелерін білдіретін сөздерді меңгереді.
	Сенсорика	Бір сенсорлық белгіден (пішіні) бірдей заттарды топтастыру. «үлкен», «кішкентай» ұғымдарын түсіндіру.	Үлкен, кішкентай ұғымдарын біледі.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Табиғат құбылыстарын бақылайды. қоршаған ортадағы жануарларға, құстарға қызығады, олардың дене бөліктерін көрсетеді, дауыстарын салады, қимылдарын ойындарда қайталайды;	Қоршаған ортадағы жануарлардың, құстардың дене бөлшектерін көрсетеді.
	Мүсіндеу	Тұзды қамырды алақан арасына салып домалату арқылы затты мүсіндеу. Мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін меңгерту.	Тұзды қамырды алақан арасында домалатуды біледі.
	Музыка	Әндегі жоғары және төмен дыбыстарды тыңдау дағдыларын қалыптастыру. Би әуендерінің көңілді сипатының күрделі емес қимылдарын жасай білуге (аяқтан аяққа ауысу,	Би қимылдарын қиын емес қимылдарын жасайды.

		өкшелерін соғу, қолдың буынын айналдыру, орнында тұрып айналу) үйрету	
Мамыр	Дене шынықтыру	Негізгі қимыл түрлерінің бастапқы дағдыларын, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын меңгеруді, тура жолдың бойымен жүру, ересектердің көмегімен гимнастикалық тақтай бойымен жүруді, негізгі қимыл түрлерін жетілдіруге арналған қимылды ойындарға қызығушылықтарын, заттардың арасымен жүру, жұмсақ модульге немесе гимнастикалық скамейкаға көтерілу және одан түсу дағдыларын бекіту. тазалық пен ұқыптылыққа дағдыландыру.	Ересектің көмегімен гимнастикалық тақтай бойымен жүруді біледі. Қимылды ойындарды меңгереді.
	Сөйлеуді дамыту	Дыбыстық тіркестерді еліктеп, дұрыс қайталауды, ересектерді тыңдау, тапсырманы орындау заттардың атын, түсін, мөлшерін, көлемін, орнын атап айту, сөзбен немесе қысқа сөз тіркестерімен өз өтінішін білдіруді бекіту. қарапайым сұрақтарға жауап беру, екі-үш сөзден тұратын сөйлемдерді айту дағдыларын бекіту.	Қарапайым сұрақтарға жауап беруді меңгереді.
	Көркем әдебиет	Шағын, мазмұны түсінікті әңгімелерді, тақпақтар мен өлеңдерді қызығушылықпен тыңдап, түсіну, көлемді иллюстрацияларымен кітаптарды қарау, таныс шығармалардағы сөздерді қайталап айту. Кітаптардағы суреттерді өз бетінше қарай отырып, ондағы таныс кейіпкерлерді көрсете білу.	Кітаптардығы суреттерді өзбетінше қарайды, ондағы таныс кейіпкерлерді көрсете алады.
	Сенсорика	Заттарды өлшемі немесе пішініне қарай сәйкес ұяларға орналастыру, заттық әрекеттерді орындауға болатын қарапайым заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын дамыту. Заттарды өлшемі немесе пішініне қарай сәйкес ұяларға орналастыруға арналған тапсырмаларды орындау, түрлі өлшемдегі 2–3 сақинадан тұратын конустық негіздегі (өзекшесі) пирамидаға, кейіннен тік өзектегі пирамидаға бір өлшемді бірнеше сақинаны, содан кейін түрлі өлшемді екі топтағы сақиналарды белгілі реттілікпен жинау дағдыларын бекіту.	Қарапайым заттар мен құралдарды қолдануды меңгереді.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту. Өлі табиғат заттарымен (су, құм, тас) таныстыру, олармен әрекет етуді көрсету (сүмен жуыну, құммен ойнау, тастарды жинау).	Гүлдеп тұрған өсімдікті бақылауды меңгереді.

		Гүлдеп тұрған өсімдікті бақылау, оның бөліктерін (гүл, жапырақ) көрсету.	
	Мүсіндеу	Ермексазды, сазбалшықты алақан арасында домалату, жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеу, тәрбиешінің көрсетуі бойынша алынған пішіндерді құрастыру дағдыларын бекіту.	Тәрбиешінің көрсетуімен пішіндерді құрастыра біледі.
	Музыка	Музыканың сүйемелдеуімен ойын әрекеттерін орындау, таныс музыкалық шығарманы көтеріңкі көңіл-күймен қабылдауды, оны соңына дейін тыңдауды, ересекпен қосылып әннің кейбір сөздерін айту дағдыларын бекіту.	Ересектермен қосылып әннің кейбір сөздерін айтуды меңгереді.